

«Блогерлер жарысы» арнайы ұсынысын өткізу бағдарламасы («Жоғары кешбэк» алу бағдарламасының негізінде)

1. Жалпы ережелер

1.1. «Жоғары кешбэк» алу бағдарламасының (*Freedom инвестициялық валютасын іске қосуға досыңды алып кел*) (бұдан әрі – Бағдарлама) шеңберіндегі «Блогерлер жарысы» арнайы ұсынысы (бұдан әрі – Арнайы ұсыныс) Банктің Freedom SuperApp мобильді қолданбасын (бұдан әрі – Қолданба) пайдалану арқылы Freedom инвестициялық валютасын (бұдан әрі - Freedom валютасы) іске қосу мақсатында жаңа клиенттерді тартуды көздейді. Арнайы ұсынысқа достарынан, таныстарынан, тіркелушілерден тұратын командасын қалыптастыратын пікір көшбасшылары (инфлюенсер/блогерлер) қатысады.

1.2. Терминдер мен анықтамалар

Блогер/Инфлюенсер – жасалған Шартқа сәйкес Бағдарлама негізінде Арнайы ұсынысқа қатысатын, Банктің тапсырысы бойынша онлайн-алаңда контент құру және жариялау арқылы Банкке маркетингтік қызметтер көрсететін Заңды тұлға/Дара кәсіпкер. Бұл ретте Блогер /Инфлюенсер міндетті түрде Банктің қазіргі клиенті болуға тиіс.

Клиент – Бағдарламаға қатысатын және жаңа клиенттерді (бұдан әрі – Рефералдар) тартатын Банктің қазіргі клиенті (18 жасқа толған).

Реферал – Клиенттің шақыруы бойынша Рефералдық сілтеме бойынша қолданбаға тіркелген жаңа клиент (мемлекеттік қызметте атқаратын лауазымына сәйкес белгілі бір міндеттерді атқаратын қызметкерлерді қоспағанда).

Рефералдық сілтеме – Клиенттің осы Арнайы ұсыныс шеңберінде Рефералды тартқанын анықтауға мүмкіндік беретін бірегей идентификаторы бар сілтеме.

Транзакция – Клиент және (немесе) Реферал Freedom инвестициялық валютасын іске қосқаннан кейін сауда/сервис кәсіпорындарынан тауар/қызметтерді сатып алу мақсатында Банктің төлем картасын немесе оның деректемелерін пайдалана отырып жасаған операция. Транзакцияларға ақша аудару және банкоматтар мен кассалардан ақша алу операциялары кірмейді.

2. Төлем қоры және Арнайы ұсынысқа қатысу талаптары

2.1. Бағдарлама бойынша ең көп Рефералдар санын тарту.

Бірінші орын үшін (көрсетілген нәтиже бойынша ең үздік көрсеткіш) Шарт бойынша Төлем қоры теңге баламасындағы 100 000 000 Freedom Инвестициялық валютасын құрайды.

2.2. Бағдарлама бойынша транзакция жүргізуде белсенді Рефералдардың ең көп санын тарту. Алынған кешбэк сомасы негізінде анықталады.

Бірінші орын үшін (көрсетілген нәтиже бойынша ең үздік көрсеткіш) Шарт бойынша Төлем қоры теңге баламасындағы 50 000 000 Freedom Инвестициялық валютасын құрайды.

2.3. Нәтижелерді есепке алу Банк жүйесінде тартылған пайдаланушылардың саны және олардың Транзакцияларды жүргізуге байланысты белсенділігі бойынша жүргізіледі. Шақырылған Рефералдарды есепке алу Арнайы ұсыныстың бірінші күнінен басталады. Арнайы ұсыныстың басталу және аяқталу күні әлеуметтік желілерде және Қолданбада Арнайы ұсыныстың басталуы туралы ресми хабарландыру жарияланған күн болып табылады – 2025 жылғы наурыз. Арнайы ұсыныстың аяқталатын күні – 2025 жылғы қыркүйекте.

2.4. Әрбір Блогердің жалпы есебіне оның Рефералдық сілтемесі арқылы тікелей тіркелген Рефералдар және әр Блогердің командасына қатысушылар тартқан Рефералдар кіреді.

2.5. Арнайы ұсынысқа Тимур Русланович Турлов қатысады және Арнайы ұсыныстың 2.1, 2.2 тармақшаларында көрсетілген нәтижелерге қол жеткізген жағдайда сыйақыны алмайды.

2.6. Жаңа клиенттерді тарту бойынша төлемдер Бағдарламаның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.7. Арнайы ұсынысты өткізу нәтижелері нақты уақыт режимінде Қолданбаның «Рефералдық бағдарлама» бөлімінде көрсетіледі. Клиенттер мен Блогер командасының қатысушылары Арнайы ұсынысқа қатысатын әрбір Блогердің нәтижелерін бақылай алады.

3. Рефералдың қолданбада жазылуы

3.1. Рефералды Қолданбада есепке алу жаңа пайдаланушы (Реферал) сілтемеге өткеннен кейін немесе промо-кодты енгізгеннен кейін жүзеге асырылады, жүйе оның Блогермен немесе оның командасымен байланысын тіркейді. Ережелер тексеріледі: егер Реферал **Блогер** ұсынған Рефералдық сілтеме бойынша қосылса → оның есебіне тікелей жазылады. Егер Реферал **Блогер командасының қатысушысынан** келген болса → команда қатысушысының есебіне жазылады, бірақ Блогердің жалпы есебіне қосылады.

4. Статистиканы көрсету

4.1. Қолданбаның рефералдық бөлімінде Блогерлердің командаларының рейтингі көрсетілген баннер орналастырылады. Деректер динамикалық түрде жаңартылады және командалардың тартылған Клиенттер саны мен олардың Транзакцияларының көлемі бойынша ағымдағы орнын көрсетеді.

5. Қосымша ережелер

5.1. Арнайы ұсынысқа қатысу ерікті болып табылады. Банк Арнайы ұсынысқа қатысушыларға өзгерістер күшіне енгізілгенге дейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей осы ақпаратты www.freedombank.kz ресми Интернет-ресурсында орналастыру арқылы хабарлай отырып, талаптарды өзгерту, Арнайы ұсыныстың жүргізілуін өз қалауы бойынша кез келген уақытта тоқтату немесе аяқтау құқығын өзіне қалдырады.

6. Байланыс бойынша ақпарат

6.1. Арнайы ұсыныстың талаптары бойынша қосымша ақпарат пен түсініктеме алу үшін қатысушылар salem@freedombank.kz клиенттерді қолдау қызметіне жүгіне алады.